ХАТТАМА №6
Жарма ауданы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша жоспардан тыс комиссия отырысының хаттамасы

2023 жыл «11» желтоқсан **Қалбатау ауылы**
Сағат 11-00 **Әкімдігінің кіші залында**

Төрағалық еткен: Б.Е.Самежанов - Жарма ауданы әкімінің орынбасары – төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша комисия төрағасының орынбасары

Хатшы: Д.Зейнолдин – Жарма ауданының ТЖБ-нің аға анықтаушысы.

Қатысқандар: ТЖ бойынша комиссия мүшелері, қалалық, ауылдық, кенттік округтерінің әкімдері, ауданның азаматтық қорғау қызметінің басшылары.

Күн тәртібінде:

- **«Тіршілікті қамтамасыз ету объектілері мен көппәтерлі тұрғын үйлердің 11-18 желтоқсандағы алдағы аязға дайындығы туралы»**

Баяндамашылар:

1. Жарма ауданының тұрғын үй коммуналды шаруашылық, жолаушы тасымалдау көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Р.Баилов.

2. Әуезов, Жаңғызтөбе кенттерінің, Қалбатау ауылдық округінің әкімдері.

<u>II. Отырыста берілген ұсыныстар:</u>

1. Қала, кент, ауылдық округ әкімдері.

1.1. 24 сағаттық кезекшілікті ұйымдастыру;
1.2. Аудандағы жағдайды аудан әкімдігіне күнделікті баяндап отыру;
1.3. Қараша айында орын алған Шуақ ауылының қазандығының авариялық тоқтау жағдайларын болдырмау мақсатында Әуэзов кентіндегі «АКС» ЖШС –нің, Шуақ ауылындағы қазандықтарының үздіксіз жұмыс істеуі қатаң бақылауға алынсын. Тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылсын.
1.4.Шуақ ауылындағы, Әуэзов кентіндегі көпқабатты тұрғын үйлердің, Қалбатау ауылындағы қолданысқа берілген көпқабатты 30 пәтерлік тұрғын үйдің үздіксіз жылумен қамтамасыз етілсін.

Орындау мерзімі үнемі

2. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, «Жарма-су» КМК, «Горводхоз» КМК

2.1 Орталық қазандықтар мен сумен жабдықтау жүйелерінің жұмысын, автокөлік жолдардын жағдайын ерекше бақылауға алу;

2.2 2023 жылы желтоқсан айының 04 күні Жарма ауданының тұрғын үй коммиссиясының хаттамасына сәйкес Қалбатау ауылы Достық көшесі 69 мекен жайындағы көп қабатты отыз пәтерлі тұрғын үй кезекте тұрған азаматтарға берілген. Алдағы уақытта «Қазгидромет» РМК ұсынылған болжамға сәйкес қатты аяздар күтіліп отырғандықтан төтенше жағдайдың алдын алу жұмыстарын жүргізу қажет. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабының 4-тармағының 3-тармағына сәйкес қазандық пен инженерлік желілерді сатып алу тәртібіне сәйкес осы аталған үйді алдағы күтіліп отырған қатты аяз кезінде сусыз, жылусыз қалтырмау мақсатында инжинерлік коммуникация иесінен бір көзден сатып алу тәртібімен алу қарастырылсын.

Орындау мерзімі 19 желтоқсанға дейін.

Жоғарыда көрсетілген тармақтардағы ұсыныстардың орындалуына бақылау жасау Жарма ауданының тұрғын үй коммуналды шаруашылық, жолаушы тасымалдау көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Р.Баиловқа жүктелсін.

Жарма ауданы әкімі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша комиссия төрағасының орынбасары **Б.Е.Самежанов**

Хатшысы **Д.М.Зейнолдин**